

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАПТАМА НАРЫҒЫНДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Жақсылық М.Ә., әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы

Ғылыми жетекші: доцент Шортанбаева Ж.Қ.

Қазақстанның қаптама нарығындағы кәсіпорындардың қызметтерін сырттай бақылау арқылы олардың қандай қаптама және таңбалау жасайтын, полиграфиялық қызмет көрсететін компаниялармен жұмыс істейтінін қарастырылған. Біздің республикасының қаптама нарығының жалпы экономикадағы орны 3% ғана екендігін тәжірибе барысында анық көргендей, себебі, қаптамаға деген отандық кәсіпкерлердің көзқарасы әлде де қалыптасып жатқандығы болды. Қазақстанда бұл сала жаңадан дамушы сала ретінде қарастырылса, менің талдауым бойынша, бұл саланы дамыту үшін қажетті нормативтік құжаттардың және заңнамалардың талаптарын қатаңдату қажет деп санаймын.

Қазақстанда полимерлі, қағаз және картоннан жасалған қаптамаларға сұраныс жоғары болып отырғандығы түсінікті, себебі, бұл әлемдік сұранысқа сай болып табылады. Ал отандық қаптама нарығының өнімдеріне сұраныс – айрықша азық-түлік саласынан түсіп отырады. Соңғы бірнеше жылда дамушы елдерде осы өнімдерге сұраныстың артып келе жатқандығы байқалып отыр. Өнімдер қолжетімді болған сайын, оның түрлі қаптамадағы түрлері пайда болып жатыр. Бірақтан менің өткен тәжірибем бойынша айтарым, отандық қаптамашылар қауымдастығының арасындағы сараланған бәсекелестік әлі де төмен деңгейде, себебі, Алматы қаласындағы, осы саламен айналысатын кәсіпорындарды саусақпен санарлықтай, ал тамақ өнімін шығаратын және импорттайтын өнеркәсіптер бұл санақтан бес есе көп десек те болады. Сондықтан, бұл салада алғаусыз бәсекелестікті күшейту қажет.

Қаптама нарығында аса үлкен жұмыс атқарып жатқан, KazNextInvest ұлттық агенттігімен тәжірибе барысында таныстым. Бұл агенттіктің атқарып жатқан қызметін қисапсыз әрі салмақты дер едім, себебі, отандық кәсіпорындардың, қаптамашылардың үдерістерін тездетіп жатқан, дамуына елеулі үлес қосып жатқан осы агенттік болып табылады. Бұл агенттік арқылы біз болашақта ауқымды экспорт алаңына шығарымыз сөзсіз.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасындағы сертификаттау саласы мен қаптама саласын ойласымды түрде үйлестіріп унификациялау қажет. Мекеменің стандарты, техникалық регламент және басқа да нормативтік құжат болсын, барлық өнеркәсіп түрінде, оның ішінде, әсіресе, тамақ өнеркәсібіндегі, қаптама және таңбалау тармағына басты назар аудару қажет. Сөз соңында айтқым келетіні, **«ҚАПТАМА БОЙЫНША ҚАРСЫ АЛАДЫ, САПА БОЙЫНША ШЫҒАРЫП САЛАДЫ».**

Пайдаланылған әдебиет

1. Техникалық реттеу туралы. 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы
2. Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы N 277 Қаулысы